

Бірыңғай дистрибьютор туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 7 қарашадағы N 1781 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 9 ақпандағы № 48 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 09.02.2021 № 48 қаулысымен.

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 13.07.2020 № 439 қаулысымен (03.07.2020 бастап қолданысқа енгізіледі).

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі
ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "СҚ-Фармация" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі:
 - 1) дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды сатып алу;
 - 2) дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды сақтау және тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтер;
 - 3) шарттар, ұзақ мерзімді шарттар жасасу;
 - 4) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмек шеңберінде медициналық бұйымдарды сатып алуды ұйымдастыру;
 - 5) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның тапсырмасы бойынша дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар, сондай-ақ дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сатып алу үшін ақшалай қаражат түрінде бағытталған гуманитарлық көмекті қабылдау бойынша бірыңғай дистрибьютор болып айқындалсын.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 13.07.2020 № 439 қаулысымен (03.07.2020 бастап қолданысқа енгізіледі).

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

К. Мәсімов